Таңғы жаттығу	**«Сылдырмақпен»** Б.қ. Аяқ алшақ, сылдырмақ төменде; 1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырату; 3-4 б.қ. (4 рет) Т.с. 1-2 сылдырмақты алға созу; 3-4 артқа тығу; Б.қ. –т.с. 1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу; 5-6 б.қ. келу; (3рет) Сылдырмақпен жүгіру (10сек)	**«Көңілді құстар»** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-4 қолды екі жанға созып, жоғары – төмен көтеріп түсіру; 5-6 б.қ; Б.қ. «Мысық жоқпа?» 1-4 басты оңға, солға бұру; 5-6 б.қ; Б.қ. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; (3рет) 5-6 б.қ. Шашырап жүгіру; **Дене шынықтыру «Қасқырлар мен лақ тар »** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу **Ойын мазмұны:** Аралары 10 -15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. **Ойнаушылар үйлерінде тұрып:** Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке лақ Кетесің кейде секеңде п, Байламаса көкем	**«Қуыршақпен ойнаймыз»** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде; 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру;(3рет) 3-4 б.қ; Аяқ алшақ, қуыршақ алда; 1-2 денені оңға ,солға бұру, б.қ. келу; Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау; 1-4 алға енкею-«Қуыршақтар билейді»; 5-6 б.қ. келу; (3рет) Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою; 3-4 тік тұру; Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен) **Дене шынықтыру « Шар жарылды»** Тәрбиеші мен он шақт ы бала қол ұстаса шеңбер жас ап « пф-пф-пф»- деп қолдарын кере шеңберді үлкейті п кеңейте береді. Тәрбиеші « шар жарылды»- деп дауыстап қалғанда балалар қолд	**«Андармен жаттығамыз»** Б.қ. Аяқ алшақ, ойыншық төменде; 1-2 ойыншықты жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру; 3-4 б.қ. келу; Б.қ. ойыншықты алға созып ұстау; 1-2 оңға, солға бұрылу, б.қ. келу; Б.қ. ойыншық кеуде алдында; 1-2 алға енкейіп ,ойыншықты еденге қою; 3-4 б.қ. келу; Б.қ.-т.с. 1-2 ойыншықпен отыру; 3-4 б.қ. келу; (4рет) Ойыншықпен оңға ,солға айналу; **Дене шынықтыру «Тақияға кім тез же теді?»** Балалар дөңгеленіп тұ рады. Жүргізуші қолы на тақиясын алып әуе нмен жүреді. Әуен тоқтаған кезде, тоқтаған жердегі екі баланы ң ортасына тақияны т оса қояды. Екі бала е кі жаққа шеңбер бой	**«Кішкентай торғайлар»** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-4 қолды екі жанға созу, жоғары төмен сермеу; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. –т.с. 1-2 басты оңға ,солға бұру; 3-4 б.қ. келу; Б.қ.- т.с. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. –т.с. 1-4 қолды артқа созып енкею; 5-6 б.қ. Б.қ. ішпен жату; 1-4 бір қырынмен жату, арқаға , ішке; Шашырап жүгіру;

		кеп—деген сөздерден Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске » беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойын нан шығып қалып кел есі кіреді. Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын жал ғасады.	ан жібере салып «ой»-деп отыра кетеді. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатып бала ларды қол ұстаса шең бер жасап тұруға үйретеді.	ымен жүреді. Кім тақияға тез қолын жеткізсе сол жетеді. Жеткен бала жеңімпаз атанады. Осылайша ойын жалға сады.	
Таңғы асқа дайындық	Ас алдында бетін, қолдарын өз бетінше жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру.				
Таңғы ас	«Асқа бата беру» Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Дастарханың мол болсын, Уайым-қайғың жоқ болсын. Бақ-дәулет берсін басыңа, Ұмыр берсін жасыңа **Сөздік минимум** Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шәй, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын!				
ҰІӘ дайындық	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді.	Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз.	Қәне, қәне тұрамыз, Үлкен шеңбер құрамыз. Қоян болып секіріп, Орнымызды табамыз.	Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін құстарға, Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстазға.	Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз Біз бақытты баламыз.
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	**Дене шынықтыру** Шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен	**Музыка** әннің мазмұнын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын,	**Дене шынықтыру** Шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға	**Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру** **Мақсаты:** **Тілдің**	**Дене шынықтыру** Шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға

	сырғанатуға үйрету **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру Мақсаты: Тілдің граматикалық құрылымы:** Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. **Еңбекке баулу.** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **Адамгершілікке баулу.** Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу. **Сюжеттік-рөльдік ойын:**"Зообақ" **Мақсаты:** Балалардың хайуанаттар бағы жануарлар туралы түсініктерін бекіту. Еңбексүйгіштікке жануарларды құрметтеуге, қамқорлыққа	фортепианоның дыбысталуын ажырата білу. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру Мақсаты: Тілдің граматикалық құрылымы:** Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. **Еңбекке баулу.** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **Адамгершілікке баулу.** Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу. **Сюжеттік-рөльдік ойын: «Шаштараз»** Ойынның мақсаты: Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту. Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	үйрету **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру Мақсаты: Тілдің граматикалық құрылымы:** Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. **Еңбекке баулу.** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **Адамгершілікке баулу.** Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу. **Сюжеттік-рөльдік ойын: «Аспазшы» Мақсаты:** аспаз, аспазшы көмекшісі, даяшы, асханаға келуші (тамақтанушы, тапсырыс беруші) ұғымдарымен танысады. Қарым-қатынас жасаудың дағдыларын меңгереді.	**граматикалық құрылымы:** Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. **Еңбекке баулу.** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **Адамгершілікке баулу.** Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу. **Сюжеттік-рөльдік ойын: «Тігінші» Мақсаты:** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммунактивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін	үйрету **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру Мақсаты: Тілдің граматикалық құрылымы:** Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. **Еңбекке баулу.** Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. **Адамгершілікке баулу.** Ата-аналарын сыйлауға тәрбиелеу. **Сюжеттік рөлдік ойын: «Дәрігер» Мақсаты:** Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерін көрсету, медициналық әлеуметтік маңыздылығын меңгеру Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге, тәрбиелеуге, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. **Сергіту жаттығулары:** «Кел балақай», «Отырамыз тұрамыз»

	тәрбиелеу. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. **«Бауырсақ»** ертегісін тыңдату. **Сергіту жаттығулары:** «Кел балақай», «Отырамыз тұрамыз» **Сенсорика, құрастыру** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық**	**Сергіту жаттығулары:** «Кел балақай», «Отырамыз тұрамыз» **Сенсорика, құрастыру** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау»** **Ойынның шарты:** Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды	Жейтін және жемейтін тамақтарды ажыра алады, тамақты ысыра етпеуді біледі. Ересектердің еңбегін бағалауға, оларды сыйлай білуге тәрбиеленеді. **Сергіту жаттығулары:** «Кел балақай», «Отырамыз тұрамыз» **Сенсорика, құрастыру,** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Бет орамалға лайық жамауларды табу»** **Ойын шарты:** Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.	құрметтей білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар. **Сергіту жаттығулары:** «Кел балақай», «Отырамыз тұрамыз» **Сенсорика, құрастыру,** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын:** **«Әдемі келемшелер»** Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ	**Сенсорика, құрастыру,** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын:** **Жұбын тап** **Ойын шарты:** Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрациялары қарау **«Үш аю»** ертегісін тыңдату

	ойын: **«Дәл осындай пішінді тап»** **Ойын шарты:** Сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден Қажетті құралдарған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.	қарау **«Шұбар тауық»** көркем шығарманы оқып беру.	**Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. **«Үйшік»** көркем шығармасын оқып беру	құрайды. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау **«Үш аю»** ертегісін тыңдату.	
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдылар: Өзіне-өзі қызмет көрсету, киіміне күтім жасау **Сөздік минимум** Киім-кешек: Шалбар, тон, етік Іс-қимылды білдіретін сөздер: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау				
Күндізгі серуен	Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне	Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю. **Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту. **Қимылдық ойын:**	Қар аралас жаңбрды бақылау. **Мақсаты:** Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру,сырғанақ жасау, аққала соғу. **Қимылды ойын:** «Егер…» **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.	Аяздың терезеге салған суретін бақылау. **Мақсаты:** Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру. **Еңбек:** Біздің аула **Мақсаты:** Ауладағы қарды тазалау.Тазалыққа, үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету. **Қимылдық ойын:** «Белбеусоқ». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға үйрету.	Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Қимылдық ойын:** «Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.

	құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу.	«Тасымалдау ойыны». **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу.		Денені ширатып, сауықтыру.	
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру	Нанды үгітпей жеу дағдыларын дамыту	Тамақты ауызды жауып шайнау дағдыларын қалыптастыру	Тамақ ішкенде сөйлемеу мәдениетін қалыптастыру	Үстел басында дұрыс отыру дағдыларын қалыптастыру
Күндізгі ұйқы	Баяу әуен тыңдату	«Қошақаным» әнін тыңдату	Бесік жырын тыңдату	Баяу әуен тыңдату	Бесік жырын тыңдату
Ұйқыдан тұру	Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық	Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз	Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.
Бесін ас	Мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру				

Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	**Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Қоян»**	**Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Туық»**	**Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Мысық»**	**Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Күшік»**	**Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Тасбақа»**
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс:** **Ойын: «Маша мен аю»** **Мақсаты:** кітаптардағы иллюстрацияларды қарауды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді үйрету: Манат Айкүнім Нұрхан Жасмин	**Жеке жұмыс:** **Ойын:** «Түрлі түсті пішіндер» **Мақсаты:** түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыруды үйрету: Даукен Нұрасыл Жұмахан Нұрбек	**Жеке жұмыс:** **Ойын:** «Қайық» **Мақсаты:** қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету: Болатбек Хантөре Амантай Заңғар	**Жеке жұмыс:** **Ойын:** «Қоршау» **Мақсаты:** құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету Әрми Дархан Алахыш Нұржау	**Жеке жұмыс:** **Ойын: «Доптар»** **Мақсаты:** қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруді үйрету. Серік Бексұлтан Тұрсын Алинұр
Кешкі серуен	Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге	Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю. **Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын	Қар аралас жаңбрды бақылау. **Мақсаты:** Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру,сырғанақ жасау, аққала соғу.	Аяздың терезеге салған суретін бақылау. **Мақсаты:** Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру. **Еңбек:** Біздің аула **Мақсаты:** Ауладағы қарды тазалау.Тазалыққа,	Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру.

	отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу.	түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту. **Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны». **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу.	**Қимылды ойын:** «Егер…» **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.	үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету. **Қимылдық ойын:** «Белбеусоқ». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға үйрету. Денені ширатып, сауықтыру.	**Қимылдық ойын:** «Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.
Үйге қайту, атанаға кеңестер	**Кеңес:** Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.	**Кеңес:** Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.	**Кеңес:** Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.	**Кеңес:** Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.	**Кеңес:** Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы:<u>«Балауса» бөбекжай-бақшасы</u>
Топ:<u>«Балапан» кіші тобы</u>
Балалардың жасы:<u>2 жас</u>
Жоспардың құрылу кезеңі:<u>26-29 ақпан 1 – наурыз 2024 ж.</u>

Режимдік сәттер	**Дүйсенбі 26.02.2024 ж.**	**Сейсенбі 27.02.2024 ж.**	**Сәрсенбі 28.02.2024 ж.**	**Бейсенбі 29.02.2024 ж.**	**Жұма 01.03.2024 ж.**
Балаларды қабылдау, ата-анамен	Балалардың тазалығы жайында ата-аналармен	Балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. **Сөздік минимум**	Балалардың денсаулығы жайында ата-аналармен әңгімелесу.	Ата аналармен туындаған мәселелер бойынша әңгімелесу.	Балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. **Сөздік минимум**

әңгімелесу	әңгімелесу **Сөздік минимум** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	**Сөздік минимум** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	**Сөздік минимум** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!
Баланың таңдауы бойынша рөлдік-сюжеттік ойындар **Сөздік минимум. Сыпайы сөздер:** Рұқсат па? Кешіріңіз, бірге ойнайық, алуға болады ма?					
Таңғы жаттығу	**«Тышқандар»** Б.қ. ішпен жатып, қолды алға тіреу; 1-4 қолды бүгіп жазу, басты оңға, солға бұру; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. 1-3- арқаға аунау; Б.қ. келу; Б.қ. арқамен жату; 1-4 қол ,аяқты бірге қимылдату; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. отырып, қолды бүгіп кеуде алдында ұстау; 1-2- оңға бұрылып, қолды артқа тіреу; 3-4-б.қ. 5-6 –солға бұрылу; б.қ. келу; Аяқтын ұшымен шашырап жүгіру;	**«Жануарлар қимылына еліктеу»** «Қоян»- екі аяқпен орнында оңға, солға бұрыла секіру; «Қасқыр» - шеңбер бойымен топтасып жүгіру; «Аю»- аяқ сыртымен жүру; «Түлкі»- баяу , тоқтап басын оңға, солға бұрып жүгіру; Екінші кіші топтарға арналған таңғы жаттығулар. **Дене шынықтыру** **Қимылды ойын:** **« Паравоз »** **Ойынның шарты:** Қатар-қатар тұрайық, Кәне, кәне, сұрайық. Кімнің болса бойы ұзын Паравозы пойыздың	**«Әйнекті сүртеміз»** Б.қ. – аяқ алшақ; 1-2-3 - қол жоғарыда, солға, оңға теңселу; 4-б.қ. келу; «Жел береміз» Б.қ. – қол төменде, саусақты жұдырыққа жинау; 1- алға енкейіп, қолды төмен түсіру; 2-б.қ. «Болттарын бұраймыз» Б.қ. – тізерлеп тұру; 1-4- оңға бұрылып, қолдын басын айналдыру; 5-6- б.қ. келесі жаққа бұрылу; **Дене шынықтыру** **« Ақ қоян »** **Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды	**«Моторды қосамыз»** Б.қ. – арқамен жатып, қолды екі жаққа созу; 1-4- қолды кеуде алдына ұстап айналдыру; «Басқышты басамыз» Б.қ.- 1-4- аяқтың басын кезекпен бүгіп, жазу; 6. «Көлікті тексереміз» Б.қ. – оңға, солға бұрылып, көлік жүрісін имитациялау; **Дене шынықтыру** **«Күн мен түн»** **Ойын мазмұны:** Бал алар бірі « Күн» , екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі	**«Күн шығады»** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-3- қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ. «Күнге жылынамыз» Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4- б.қ. «Ағаштар қозғалады» Б.қ. қол төменде; Қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу; 3-4-б.қ. «Шөп шабамыз» Б.қ.- қолды алға созып ұстау; 1- оңға бұрылу; 2- солға бұрылу; 3-б.қ. «Суға шомыламыз» Б.қ. – 1-4- алға енкейіп, жүзуді имитациялау; 5-6- б.қ. «Сүнгиміз» Орнында секіру.

		Кімнің, апай, бойы ұзын Паравозы ол пойызд ың?! Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра б астайды. Ал, паравоз баста алға, Бәрімізді басқар да! Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік Жүрісті біз гулетіп Жүрісті біз гулетіп Гу-гу, гу-гу, гуілдеп Қалып қойма біріңде Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік жүрісті біз үдеттік.	айнала жүріп тақпақ айта ды. Ақ қоян-ау, ақ Орныңнан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетіңді жусаңшы Әй-әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзсеңші- Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қи мылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысад ы. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосыл ып тұрады да үзілген же рдегі оң жақтағы бала қоян болады.	бойынша екі коман да да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың ба лалары үйіне жеткізб ей қуып жетулері ке рек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма кезек жүріп отырады . Көп бала ұстаған ко манда жеңіске жетед	
Таңғы асқа дайындық	Ас алдында бетін, қолдарын өз бетінше жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру.				
Таңғы ас	«Асқа бата беру» Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Дастарханың мол болсын, Уайым-қайғың жоқ болсын. Бақ-дәулет берсін басыңа, Ұмыр берсін жасыңа **Сөздік минимум** Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шәй, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын!				
ҰІӘ дайындық	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел	Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты	Қәне, қәне тұрамыз, Үлкен шеңбер құрамыз. Қоян болып секіріп,	Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін	Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз

	бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді.	сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз.	Орнымызды табамыз.	құстарға, Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстазға.	Біз бақытты баламыз.
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	**Дене шынықтыру** **Лақтыру, домалату, қағып алу**:Құрсауларды бір-біріне домалату Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. **Сөйлеуді дамыту** **Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу:** Қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға	**Музыка** **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету(қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. **Сөйлеуді дамыту** **Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу:** Қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Бізге кім келгенің тауып ал»** **Ойын барысы:** « Мө-мө-мө, бұл не мөңіреп жатқан Аслан?» дейді	**Дене шынықтыру** **Лақтыру, домалату, қағып алу**:Құрсауларды бір-біріне домалату Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. **Сөйлеуді дамыту** **Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу:** Қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қап»** **Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды.	**Сөйлеуді дамыту** **Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу:** Қарапайым сұрақтарға (Кім? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Сюжеттік-рөльдік ойын: «Дүкен»** Мақсаты**:** Азық-түлік дүкендеріндегі ересектердің еңбегімен таныстыру. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру. Балаларды сатушы еңбегін	**Дене шынықтыру** **Лақтыру, домалату, қағып алу**:Құрсауларды бір-біріне домалату Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. **Сөйлеуді дамыту** **Мақсаты: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. **Дидактикалық ойын: «Кел, ойнайық!»** **Ойын барысы:** Тәрбиеші баладан 2 – 3 метр қашықтықта ойыншықтарды

	жауап беруге үйрету. **Дидактикалық ойын: «Танып ал да, атын ата»** **Ойынның шарты:** Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгімелесу. **Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу** **Табиғат әлемі.** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: **Қар** **Миға шабуыл әдісі** Балаларға сұрақ қою арлықылы қар туралы түсінік беру. Балалар, мынау ненің суреті? (аққаланың суретін көрсету) Аққала неден	тәрбиеші. «Мяу, мяу Айгерім саған кіліп тұрған не?» «Айдынға біреу келді де пи-пи деді. Ол не?» «Ал, қазір Нұрай одан не тығылып тұрғанынын айтады.» Тәрбиеші өз дауыс ырғағын өзертіп , үлкен әлде кішкентай тышқанның даусы шықта ма деп сұрайды. Ойын осылайшы жалғаса береді. **Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу** **Табиғат әлемі.** Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: **Жаңбыр** Балаларға жаңбыр туралы түсінік беру. **1-топ:** жаңбырды ермексаздың көмегімен бастырып әсемдейді. **2-топ:** Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстап жаңбыр тамшыларын салу. **Қимылды ойын: «Қолшатыр»** **Ойынның шарты:** Көңілді музыка әуені	Балаларға менде бір сиқырлы дорба бар онда не бар екен дейді.Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. **Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу** **Мақсаты:** «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. **Құм** Балаларға құм туралы туралы түсінік беру. **1-топ:** дайын суретті құммен әсемдеу. **2-топ:** құммен сурет салу **Сенсорика, құрастыру,** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс	құрметтеуге тәрбиелеу. **Қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу** **Мақсаты:** «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру. **Су** Балаларға су туралы түсінік беру **1-топ:** судың тамшылар суретін ермексаздың көмегімен бастырып әсемдейді. **2-топ:** судың көмегімен сурет салу **Сенсорика, құрастыру,**	орналастырып, айтады: «Аю, қоян, түлкі жалғыз отырып зерікті.Оларды бізбен ойнауға шақырайық.Олар бізді есту үшін қатты: «Аю, кел» осылай шақыру керек. Балалар тәрбиешімен бірге аюды, қоянды, түлкіні шақырып, бірге ойнайды. Мұнда ең маңыздысы балалардың ойыншықтарды айқайламай, қатты шақырғанын қадағалау болып табылады **Қоршаған ортамен таныстыру** **Мақсаты:** **Бала оның отбасы, үйі.** Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. **Ойын: Өзі және отбасы** **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру. Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге,

	жасалады? Қане, барлығымыз қарды қолмен ұстап көрейік. Қар мұздай ма, жылы ма? **1-топ:** аққаланы ермексаздың көмегімен бастырып әсемдейді. **2-топ:** ыдыстағы қарға түрлі түсті бояумен, түтікшенің көмегімен өрнектер салу. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. **«Қардан жасалған гүл» ертегісін тыңдату.** **Сенсорика, құрастыру** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас	ойнағанда балалар билеп жүреді, жаңбырдың дыбысы шыққанда қолшатырға тығылады. **Сенсорика, құрастыру,** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Жұбын тап»** **Ойынның шарты:** Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. **Көркем әдебиет**	материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Пішіндер»** Ойынның шарты: дайын пішіндердің қалпымен дымқыл құммен жұмыс жасау. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. «Жеті лақ» ертегісін тыңдату	**Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Әдемі келемшелер»** Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған	отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу. **Ойын шарты**: суреттер бойынша әнгіме жүргізу. **Сенсорика, құрастыру,** **Мақсаты:** Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Жартысын тап»** **Ойынның шарты:** Балаларға пазл арқылы бөлінген күннің суреті таратылады балалар суреттін жартысын тауып орналастырады. **Көркем әдебиет мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау **«Отбасы құндылықтары»**

	қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру. **Дидактикалық ойын: «Аққаланы құрастыр» Ойынның шарты:** Балалаларға геометриялық фигураларға бөлінген аққаланы түсі, көлемі бойынша құрастыруды ұсыну.	**мақсаты:** Пассивті және белсенді сөздік қорды дамыту. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. **«Қасиетті жаңбыр»** көркем шығармасын оқып беру		иллюстрацияларды қарау **«Мөлдір бұлақ»** ертегісін тыңдату.	шығармасын оқып беру.
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдылар: Өзіне-өзі қызмет көрсету, киіміне күтім жасау **Сөздік минимум** Киім-кешек: Шалбар, тон, етік Іс-қимылды білдіретін сөздер: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау				
Күндізгі серуен	Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын	Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю. **Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар	Қар аралас жаңбрды бақылау. **Мақсаты:** Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру,сырғанақ жасау, аққала соғу. **Қимылды ойын:**	Аяздың терезеге салған суретін бақылау. **Мақсаты:** Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру. **Еңбек:** Біздің аула **Мақсаты:** Ауладағы қарды	Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Қимылдық ойын:**

	алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу.	еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту. **Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны». **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу.	«Егер…» **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.	тазалау.Тазалыққа, үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету. **Қимылдық ойын:** «Белбеусоқ». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға үйрету. Денені ширатып, сауықтыру.	«Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру	Нанды үгітпей жеу дағдыларын дамыту	Тамақты ауызды жауып шайнау дағдыларын қалыптастыру	Тамақ ішкенде сөйлемеу мәдениетін қалыптастыру	Үстел басында дұрыс отыру дағдыларын қалыптастыру
Күндізгі ұйқы	Баяу әуен тыңдату	«Қошақаным» әнін тыңдату	Бесік жырын тыңдату	Баяу әуен тыңдату	Бесік жырын тыңдату
Ұйқыдан тұру	Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық	Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз	Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.	Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.	Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.
Бесін ас	Мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру				

Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	**Жапсыру** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Аққала»**	**Жапсыру** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Тамшылар»**	**Жапсыру** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Құм түйіршіктері»**	**Жапсыру** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Су тамшылары»**	**Сурет салу, мүсіндеу, мапсыру** **Мақсаты:** Жапсыруға қызығушылықты ояту. жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. **«Отбасы мүшелері»**
Балалармен жеке жұмыс	**Жеке жұмыс:** **Ойын: «Қар түйіршіктері»** **Мақсаты:** кітаптардағы иллюстрацияларды қарауды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді үйрету: Амантай Заңғар Асқарбек Адина	**Жеке жұмыс:** **Ойын:** «Жаңбыр» **Мақсаты:** қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету: Болатбек Хантөре Құмархан Раяна Мақсатқызы Ақмарал	**Жеке жұмыс:** **Ойын: «Добым, добым домалақ»** **Мақсаты:** қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруді үйрету. Сейсен Айзере Сейілхан Аяна	**Жеке жұмыс:** **Ойын:** «Дүкен» **Мақсаты:** құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алуды үйрету: Нұрхан Жасмин Тұрсын Рамина	**Жеке жұмыс:** **Ойын: «Добым, добым домалақ»** **Мақсаты:** қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруді үйрету. Серік Бексұлтан Тұрсын Алинұр
Кешкі серуен	Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге	Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю. **Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын	Қар аралас жаңбрды бақылау. **Мақсаты:** Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру,сырғанақ жасау, аққала соғу.	Аяздың терезеге салған суретін бақылау. **Мақсаты:** Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру. **Еңбек:** Біздің аула **Мақсаты:** Ауладағы	Мұздақты бақылау. **Мақсаты:** Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю. **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуға шақыру.

	отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Айгөлек». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу.	түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту. **Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны». **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу.	**Қимылды ойын:** «Егер…» **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.	қарды тазалау.Тазалыққа, үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету. **Қимылдық ойын:** «Белбеусоқ». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға үйрету. Денені ширатып, сауықтыру.	**Қимылдық ойын:** «Қазан». **Мақсаты:** Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.
Үйге қайту, атанаға кеңестер	**Кеңес:** Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.	**Кеңес:** Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.	**Кеңес:** Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.	**Кеңес:** Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.	**Кеңес:** Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы:<u>«Балауса» бөбекжай-бақшасы</u>
Топ:<u>«Балапан» кіші тобы</u>
Балалардың жасы:<u>2 жас</u>
Жоспардың құрылу кезеңі: <u>04 – 07 наурыз 2024 ж.</u>

Режимдік сәттер	**Дүйсенбі 04.03.2024 ж.**	**Сейсенбі 05.03.2024 ж.**	**Сәрсенбі 06.03.2024 ж.**	**Бейсенбі 07.03.2024 ж.**	**Жұма 08.03.2024 ж.**

Балаларды қабылдау, ата-анамен әңгімелесу	Балалардың тазалығы жайында ата-аналармен әңгімелесу **Сөздік минимум** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. **Сөздік минимум** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Балалардың денсаулығы жайында ата-аналармен әңгімелесу. **Сөздік минимум** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Ата аналармен туындаған мәселелер бойынша әңгімелесу. **Сөздік минимум** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	
Баланың таңдауы бойынша рөлдік-сюжеттік ойындар **Сөздік минимум. Сыпайы сөздер:** Рұқсат па? Кешіріңіз, бірге ойнайық, алуға болады ма?					
Таңғы жаттығу	**«Тышқандар»** Б.қ. ішпен жатып, қолды алға тіреу; 1-4 қолды бүгіп жазу, басты оңға, солға бұру; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. 1-3- арқаға аунау; Б.қ. келу; Б.қ. арқамен жату; 1-4 қол ,аяқты бірге қимылдату; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. отырып, қолды бүгіп кеуде алдында ұстау; 1-2- оңға бұрылып, қолды артқа тіреу; 3-4-б.қ. 5-6 –солға бұрылу; б.қ. келу; Аяқтын ұшымен шашырап жүгіру;	**«Жануарлар қимылына еліктеу»** «Қоян»- екі аяқпен орнында оңға, солға бұрыла секіру; «Қасқыр» - шеңбер бойымен топтасып жүгіру; «Аю»- аяқ сыртымен жүру; «Түлкі»- баяу , тоқтап басын оңға, солға бұрып жүгіру; Екінші кіші топтарға арналған таңғы жаттығулар.	**«Әйнекті сүртеміз»** Б.қ. – аяқ алшақ; 1-2-3 - қол жоғарыда, солға, оңға теңселу; 4-б.қ. келу; «Жел береміз» Б.қ. – қол төменде, саусақты жұдырыққа жинау; 1- алға енкейіп, қолды төмен түсіру; 2-б.қ. «Болттарын бұраймыз» Б.қ. – тізерлеп тұру; 1-4- оңға бұрылып, қолдын басын айналдыру; 5-6- б.қ. келесі жаққа бұрылу;	**«Моторды қосамыз»** Б.қ. – арқамен жатып, қолды екі жаққа созу; 1-4- қолды кеуде алдына ұстап айналдыру; «Басқышты басамыз» Б.қ.- 1-4- аяқтың басын кезекпен бүгіп, жазу; 6. «Көлікті тексереміз» Б.қ. – оңға, солға бұрылып, көлік жүрісін имитациялау; **Дене шынықтыру** **«Күн мен түн»** **Ойын мазмұны:** Балала р бірі « Күн» , екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бо йынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады.	

				Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетед	
Таңғы асқа дайындық	Ас алдында бетін, қолдарын өз бетінше жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру.				
Таңғы ас	«Асқа бата беру» Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Дастарханың мол болсын, Уайым-қайғың жоқ болсын. Бақ-дәулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа **Сөздік минимум** Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шәй, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын!				
ҰІӘ дайындық	Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді.	Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз.	Қәне, қәне тұрамыз, Үлкен шеңбер құрамыз. Қоян болып секіріп, Орнымызды табамыз.	Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін құстарға, Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстазға.	

Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	**Дене шынықтыру** **Қимылды ойын:** **« Паравоз »** **Ойынның шарты:** Қатар-қатар тұрайық, Кәне, кәне, сұрайық. Кімнің болса бойы ұзын Паравозы пойыздың Кімнің, апай, бойы ұзын Паравозы ол пойыздың?! Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра бастайды. Ал, паравоз баста алға, Бәрімізді басқар да! Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік Жүрісті біз гулетіп Жүрісті біз гулетіп Гу-гу, гу-гу, гуілдеп Қалып қойма бірінде Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік жүрісті біз үдеттік. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру**	**Музыка** **«Бауырсақ кіммен кездесті?»** **Мақсаты:** Музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу. **Ойын шарты:** Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, қимыл арқылы көрсетеді **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру** **Мақсаты:** сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды	**Дене шынықтыру** **« Ақ қоян »** **Ойын мазмұны:** Бал алар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ Орныңнан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетіңді жусаңшы Әй- әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзсеңші- Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру** **Мақсаты:** сөздер мен сөз	**Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру** **Мақсаты:** сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудару. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. **Сюжеттік-рөльдік ойын: «Дүкен»** Мақсаты**:** Азық-түлік дүкендерінде гі ересектердің еңбегімен таныстыру. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру. Балаларды сатушы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Сенсорика, құрастыру, сурет салу,**	

